


АСАНБАЙ АСҚАРОВ

туралы естеліктер кітабы



ХАЛЫҚ ПЕРЗЕНТІ

АСАНБАЙ АСҚАРОВ

туралы естеліктер кітабы

- *Естеліктер*
- *Сұхбаттар*
- *Очерктер. Эсселер*
- *Арнау өлеңдер*
- *Хаттар, хаттар...*
- *Қайратты қалам бабында*

ХАЛЫҚ ПЕРЗЕНТІ

ББК 84(2Қаз)

X 17

Кітап М.-Х.Дулати атындағы және Д.А.Қонаев атындағы Халықаралық Қорлардың тапсырысымен шығарылып отыр.

X 17 Халық перзенті. Құраст. Төлен Қаупынбайұлы. – Алматы: “Өнер”.
2002 – 552 б. +96 (қосымша фотошежіре беттер).

ISBN 9965-595-22-4

XX ғасырдың екінші жартысында халқы үшін белі қайыса еңбек етіп, бойындағы туа бітті дарыны мен қабілет-қарымын сарқа жұмсаған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Асанбай Асқарұлы Асқаровтың дүниеден озғанына аса көп уақыт өткен жоқ. Қайраткер азаматтың тұрлаулы істері мен толғаулы ойлары, мағыналы өмір жолы ұрпаққа үлгі болып қалып отыр. Бұл жинаққа Асекеңнің көзін көрген, тәлімін алған, сыйлас-пікірлес болған замандастарының, еңбек және соғыс ардагерлерінің, әдебиет пен өнер қайраткерлерінің, қарапайым еңбек адамдарының естеліктері мен заманалық сөздері, фотошежіре топтастырылған.

Толғау тұрпатты сөздерде Асанбай Асқарұлына тән адамгершілік қасиеттер, ұлтжандылық үлгілері, нағыз азамат келбетін көріктендіре түсетін ізгі ойлар, сүйіспеншілік сезімдер шынайы кестеленіп отырады.


ББК 84 (2 Қаз)

X $\frac{4702250204}{409(05)-02}$

ISBN 9965-595-22-4

© “Өнер” баспасы, 2002

О, Жасаған!
Жалбарынам, мен саған!
Өз тағдырын сынап
жатыр қанша адам.
Білу қиын шығып мынау тозақтан
Арманына жете алмай аңсаған?
Арманына жету үшін аңсаған.
Мен ойлаймын,
Жетеді деп бар шамам.
Атыма кір жуытпаймын,
Өлгенше
Ақиқатқа жету үшін жан салам.
Фатимашым!
Жанымның бір бөлшегі,
Жаман атқа қалдырмаспын
мен сені.
Күресемін соңғы демім біткенше
Төзімімнің таусылғанша ең шегі...
Сенсің менің жанымды шын ұғатын,
Ақыл берер, бойымдағы Қуатым.
Осыменен заман ақыр болмайды,
Келер кезек жақсы күндер туатын.
Сонда сені,
Балаларды құшармын,
Алыс емес біз биікке ұшар күн,
Сен осыны күндіз-түні тілей бер,
Тағдыр солай...
Уақытша тұсалдым.
О, Жасаған!
Тілегімді бере көр,
Міне иманым,
Ақтығыма сене бер.
Жақындатшы, менің
жарқын Күнімді,
Шат-шадыман қуанышқа бөленер!




Асанбай АСҚАРУҰЛЫ.

Құрметті Асанбай Асқарұлы!

Сіз адам өміріндегі мерейлі шақ – 75 жасқа келіп отырсыз. Бұл ғұмырыңызда Сіз үлкен өмір мектебінен – еңбек жолынан өттіңіз. Жиырма жасыңызда Ұлы Отан соғысының майданында от кешкен Сіз бұдан кейінгі жылдарда жоғары партиялық басшы қызметтерде жүріп іскерлігіңізбен, қарымды ұйымдастырушылық қабілетіңізбен танылдыңыз. Әріптестеріңіз бен көпшілік қауымның ортасында зор беделге ие болып, елдің ілтипаты мен сый-құрметіне бөлендіңіз. Сіңірген еңбегіңіз мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, Еңбек Ері атағына, мәртебелі наградаларға ие болдыңыз.

Осынау үлкен мерей тойыңыз құтты болсын, Асанбай Асқарұлы! Денсаулығыңыз мықты болып, мәнді де мазмұнды ұзақ өмір сүріңіз, отбасыңызға зор бақыт, береке, игілік тілеймін.



**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
Қазақстан Республикасының
Президенті.**

Асанбай Асқаров 1944 жылдан КОКП мүшесі, 1942 жылдан Ұлы Отан соғысына қатысып, туған жеріне жеңіспен оралған майдангер. Әуелі Фрунзе педагогика училищесін, кейін КОКП Орталық Комитетінің жанындағы партия мектебін бітіріп, комсомол қызметінде шыңдалған азамат. Сонан кейінгі бүкіл саналы өмірін кеңес жұмысына, партия өміріне арнаған. Жамбыл, Алматы және Шымкент облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшысы боп істеген жылдарда ол өзінің ұйымдастырушылық талантын танытты. Шымкент облысының экономикалық өркендеуіне, мәдени өмірінің көтерілуіне елеулі үлес қосты. Ол осында Еңбек Ері атанды.



**Дінмұхамед ҚОНАЕВ.
“Ақиқаттан аттауға
болмайды” кітабынан.
Алматы. 1994 жыл.**

ҚАЗАҚТЫҢ АСАНБАЙЫ

Ширатқан, шынықтырған

намыс ерді.

Атағы шарлап кеткен алыс елді.

Көңілімнің бір жұлдызы құлады да,

Көгімнің бір жарығы тағы сөнді.

Ер өсті,

Жастайынан еліне ұнап,

Ұшқыр ой, сергек зерде, көрі құлақ.

Шарт сынды менің биік бір еменім,

Тұратын күндік жерден көрініп-ақ.

Көп көрген, данагөйім көпті білген,

Ел үшін су да кешкен, отқа кірген.

Жылытқан жетімдерді мейірімен

Қазақтың Асанбайы өтті өмірден.

Ол қақты жақсылықтың қоңырауын,

Сүйдірді суық желге омырауын.

Соңына ат қалдырды, бақ қалдырды,

Қалдырды гүлдей берер өмір бағын.

О жылдар, жүзін оның тасалама,

Сүймесем жанарымды жас ала ма?

Елге бір жақсылығым тиер кезде,

Алдымда сен тұрасың, Асан аға.

Өнеге жер, анаға гүл егуде,

Еліңмен бірге ер жетті тілегің де.

Халықтың баласы боп өткен өмір,

Халықтың қала бермек жүрегінде.

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ.



Естеліктер

*О, Тағдыр, енді қай жаққа,
Қай жаққа мені бастадың.
Мезгілсіз мынау бейуақта
Келеді қайда тастағың?!*

*Бақ-дәулет бастан қашты ма,
Әп-сәтте, осы қас қағым.
Айналып барып, астыма,
Астыма түсті аспаным.*

*Дөңгелеп дүние,
Жер беті
Бара ма көшіп...
Білмеймін.
Көремін қайтып ел бетін,
Өзімді енді кім деймін...*

*Төзімім жетсе шыдаймын,
Жәрдем бер маған, құдайым.
Ақтығымды әбден дәлелдеп
Құласам — бір-ақ құлайын.*

Асанбай АСҚАРОВ.



Әбділда ТӘЖІБАЕВ,
Қазақстанның Халық жазушысы.

СЕНІҢ ӨЛЕҢДЕРІҢНЕН БИІК ҚАСИЕТТЕР КӨРДІМ

Қарағым Асанбай!

Атақты Гете бір кеңесінде: — Мен өлеңді себепсіз жазбаймын, депті. Рас қой сонысы. Мен сенің “Жұмақ пен тозақ жырлары” деген жинағыңды оқығанда есіме ұлы ақынның осы сөздері түсті.

Поэзияның қасиеті шексіз мол, сыры да терең ғой. Өлең от теңізі, қиял қанаты сияқты ма, қалай? Сағаты соғып, дауысын естірту үшін, өз тұлғасын жарық күннің астында түгел көрсету үшін аспаннан ағып түскендей келіп түседі, ештеңеден именбей, жасқанбай, күлер кезегінде күліп, жылар кезегінде жылап түседі.

Жарық пен қараңғы, суық пен жылылық қандай кезектесе, поэзия тағдырындағы шаттық пен қайғы да солай кезектеседі. Демек, поэзия да өзге ұлы өнерлердің бірі сияқты, құдай маңдайына нені жазса, соны көреді және сол көргенін жасырып бүкпей, түгел айтып береді. Біз осылай, маңдайына құдайдың жазғанын әділ айтып берген, оларын барлық ырғақ-ұйқасы, ыстық демі, сан қилы сезімдерімен түгел беріле отырып айтып берген жырларды поэзия дейміз, оған шексіз көп құрметтер көрсетеміз.

Мен, Асеке, сенің жинағыңнан осындай қасиеттер көрдім.

Көп қинаған, қорландырған түрменің осындай бір олжалы жағы да болыпты.

“Қаймықпас қара нарың мен емеспе ем? Шымкентім, шығармақсың не деп естен? Бұл сенің махаббатың деп білемін, бір самал келіп жатыр сенен ескен”, деп дұрыс сезініпсің. Сол самалдың ішінде менің де демім бартұғын, оны да кезінде сезгенсің.

“Адамның күні бар ма сыналмаған,
Бақ тайса мал менен бас құралмаған.
Күніне тоқсан түрлі көрсең бөле,
Сонда да күдер үзбе бір Алладан” -

дейді халық өлеңі.

Алладан күдер үзбеудің мәнін халық барынша терең түсіндірген ғой. Сұмдықтарға, бұзықтық қылықтарға ашынуға, тіпті өшігуге де болады.

Тек өзіңнің кісілік бейненді бұзып алма, салмағың жеңілдеп кетпесін, депті халық.



Мен сенің өлеңдеріңнен осындай, қазақ айтқандай, биік те, берік қасиеттерді қоса көрдім, соған қуандым. Тағы бір қызығы сол – өлеңдерің мәні көп, өмірге қажет ойларды айтып отырғанда текіректемей, шоқырақтамай, өзіне қажетті табиғи да көрікті ағынын әдемі сақтайды екен. Мұндай сүйсіндіріп, сау желдіріп отырған өлеңдерді де көп оқыдым.

Асекем! Аумалы-төкпелі заманда, ағыл-тегіл оқиғалар ішінде қатар өмір сүріп, бірге күліп, бірге жылап, жұбымызды айырмай келеміз. Өмірдің көбі кетіп азы қалды, тату-тәттілігімізге, достығымызға ақау түспесін.

Мен әрқашан да өздеріңмен біргемін.



Қасым ҚАЙСЕНОВ,
партизан-жазушы,
Халық қаһарманы.

ҚҰРЫШТАЙ ҚАЙСАРЛЫҚ

Қайран, Асекең!..

Жүрегім толқып кетті-ау.

Қазақтың аса аяулы бір азаматы дүниеден озды. Не дейін?.. Асанбай Асқаров туған еліне сіңген еңбегі зор қайраткер еді. Оның есімі баршаға белгілі әрі құрметпен аталғанын жақсы білеміз. Ірі тұлғалы басшының Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарына жетекшілік жасаған жылдар өшпес із қалдырып, қайда жүрсе де мағыналы өмір сүргенін оны жете білетін жолдастары жиі айтатын.

Ешкім ұмыта қойған жоқ шығар, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы тұсында үріккен үстемдіктің Асанбай Асқаров тәрізді аса беделді азаматқа жала жауып, жанын қыспаққа алуы да жайдан-жай емес еді. Ол ауыр азап пен тар қапасты да бастан кешірді. Бірақ оған мойыған жоқ. Қаскүнем қатыгездікке қасқайып қарсы тұрды. Адалдық жолынан айныған жоқ. Өмірдің қиындығын құрыш қайсарлығымен жеңе білді. Сөйтсе де өзі өмір сүрген заманның игілігін туған халқына жұмсау жолында бір тынған жоқ. Жасы егде тартса да өмірден көргені мен түйгені көп азамат жақсы туындылар жазды. Өнегелі қырынан көрінді. Өзі де тумысынан асқан сүйкімді болып жаратылған маңдайы кереқарыс қайраткер еді.

Оны өз туған халқы аялап, құрметтеді. Бұл әр азаматтың күткен бақыты ғой.

Ол төгілтіп тарихты қопарыстырып айта алатын шежірелі, жүректен төгілтіп жыр құятын асыл жан екенін кейінірек одан әрі білдім. Оның “Тұран даласының ұлдары” деген кітабын оқып, қатты риза болған едім. Өз пікірімді республикалық басылым бетінде сүйіспеншілікпен жаздым да. Асанбай Асқаров — өз заманының көрнекті қайраткері және ұлт перзенті болып мәңгі есте қала береді.



Олжас СУЛЕЙМЕНОВ,
Народный писатель Казахстана.

ОН ЗАБОТИЛСЯ О ПИСАТЕЛЯХ

Зимой 87-го я навеситил Асанбая Аскаревича в больнице. Он уже понимал, что его арестуют и внутренне готовился к этому. “Олжас, я хочу, чтобы ты знал и верил, — я не виновен. Что бы обо мне ни говорили плохого — не верь. Ты меня давно знаешь”.

По замыслу организаторов, люди из ближайшего окружения Д.А. Кунаева после ареста должны были дать показания на Димаша Ахметовича, “сдать” его. С этой целью были взяты под стражу А. Аскарков — первый секретарь Чимкентского обкома партии, Герой Социалистического Труда, кавалер пяти орденов Ленина; Д.Бекежанов — помощник первого секретаря ЦК, Г. Статенин — управделами ЦК и несколько других служащих.

За годы следствия и суда никаких порочащих Д.А. Кунаева сведений от арестованных добыто не было. Да и доказательств их собственных преступлений — тоже. Хотя всем известны близкие отношения этих партийных руководителей с 1-м секретарем ЦК Компартии Казахстана. Но каких-то незначительных нелепых обвинений оказалось достаточно для того, чтобы осудить и Аскаркова и Бекежанова.

...В начале 90-х, с распадом СССР, развалилось и “дело Аскаркова”. Наверное, немногие из казахстанцев так остро и буквально восприняли понятия “свобода” и “независимость”, как Асанбай Аскарков, оказавшийся на воле.

Он вернулся домой накануне своего семидесятилетия. 300 человек отмечали юбилей в большом Обеденном зале Дворца пионеров. Не все желающие смогли придти в этот замечательный зал. Но для нас число “триста” имеет обобщенное значение. Үш жүз — это весь народ!

...В своем слове я напомнил Асеке и об одной забавной встрече, которая у нас произошла в 73- или 74-м году, в бытность его первым секретарем Алматинского обкома партии. Он любил литературу, заботился о писателях. Всегда, если была необходимость, помогал. Но и мог пожурить, когда надо.

Однажды звонит, приглашает на беседу. От Союза писателей до обкома — один квартал спуститься вниз по Коммунистическому проспекту. Поднимаюсь на шестой этаж. Прохожу в кабинет. Асеке вышел из-за стола, пожал руку и пригласил в комнату отдыха. “Разговор неформальный”. Сели в кресла. “Чаю? Или чего покрепче?” Я попытался



отшутиться: “С утра не пью”. Асеке среагировал как-то странно: “Пьешь, пьешь. Меня Димаш Ахмедович попросил побеседовать с тобой. Говорят, ты пить начал. Несколько раз пьяным с работы шел”.

“А как ваш индикатор определил, что я был пьян? Шатался? Ругался матом?”

Асанбай Аскарлович поморщился: “До этого не дошло, но лицо, говорят, было красным”.

Я вынужден был согласиться, что такие случаи были, возможно, и спросил не найдется ли чего выпить покрепче? Аскарлов такого хода не ожидал. “Ты же говорил — с утра не пьешь!” “А сегодня бы попробовал”. Он подошел к буфету. “Что будешь пить?” “Все равно. Пиво, кумыс, вино, водку”. Асеке нахмурился, покачал головой. “Лучше немного коньяка выпей. Если болит голова”. Достал неполную бутылку армянского, налил в хрустальную рюмку. Поставил на стол, пододвинул ко мне. Я посмотрел на часы: “Асеке, сейчас без пяти двенадцать. Я выпиваю эти пятьдесят граммов и засекаю время. Ровно в полдень ждите результата”. И выпил залпом. Заинтригованный Аскарлов невольно бросил взгляд на часы. Через пять минут лицо у меня было малиново-свекольного цвета. Асеке даже языком пощелкал: “Никогда я тебя таким не видел! Что за фокус?”

Я умылся холодной водой из-под крана. Привел себя в норму и обстоятельно объяснил. “Всегда краснею от глотка спиртного. От любого — пива, шампанского, даже кумыса. И — готов! Поэтому никогда на официальных мероприятиях не пью. Пригублю и поставлю. Но если раз десять пригубишь, то набирается в организме тот самый глоток, та критическая масса, с которой начинается “пожар”. Я, как вы знаете, секретарь Союза писателей по международным связям. Часто принимаю на работе гостей. Иногда с ними и вина пригубить приходится. Потом идешь домой и встречаешь вашего информатора. А ему, чтобы покраснеть ликом, надо литр вылакать. По себе и судит”.

Асеке, кажется, остался доволен результатом наглядного опыта: “Но все же старайся воздерживаться. Даже от глотка. Ты у народа на виду, не забывай”.

Так случилось, что через пару дней я был приглашен в Дом приемов на какой-то банкет. Застолье вел Саттар Имашев (секретарь ЦК по идеологии). Он произнес первый тост — за здоровье Леонида Ильича, верного ленинца. Выпили, стоя. Саттар Нурмашевич заметил, что мой бокал остался нетронутым. (Я сидел недалеко от него). “Почему не выпил? Такой тост надо поддержать. Нехорошо”. Шум бокалов, вилок, разговоры за длинным столом, и поэтому наш диалог до остальных присутствовавших не доходил. Но Асанбай Аскарлович слышал.

Внимательно слушая, он старательно работал вилкой и ножом. “Выпей, – негромко настаивал тамада. – Что люди подумают?!” Отбивался от натиска как мог. Говорю: “Я своих партийных руководителей не понимаю: один говорит – не пей! Другой призывает – пей!” Не помню, какие еще доводы мне удалось привести, но твердо знаю, что не выпил ни глотка. Но отчетливо помню все случаи, когда приходилось “принять на грудь” в подобных ситуациях.

Заканчивая свою речь на юбилее Асанбая Аскаревича, я сказал, обращаясь к залу: “Когда-то я обещал Асеке не пить на людях. Но сегодня я хочу покраснеть. И все мы должны краснеть от стыда, что не смогли уберечь таких людей, как Асанбай Аскарров от жестокой несправедливости. Какую горькую чашу им пришлось испить”.

Я наполнил двухсотграммовый бокал водкой и выпил до дна.



Бәйкен ӘШІМОВ,
көрнекті мемлекет қайраткері,
Еңбек Ері.

РУХЫ БИІК АЗАМАТ

Өткен ғасырдың ұлы оқиғасы – Қазан төңкерісімен ілесе дүниеге келген ұрпақ, менің қатарым, сол бір аласапыран уақыттың барлық қиындықтары мен ауыртпалығын, қызығы мен қуанышын, қасіреті мен қасиетін басынан кешті, қолынан өткерді.

Кеңестік дәуірді қаншама кінәласақ та халқымызды сілкініп, ұлы күрестерде шыңдап, өзге елдермен иық теңестіретіндей алып қадамдар жасатқаны рас. КСРО-ның құрамындағы бір республика болсақ та қазақ елі өзінің аса бай табиғи ресурсының, ерекше талантты да қабілетті ұлттық ерекшелігінің арқасында жасампаздық танытты.

Халқының саны жағынан әлдеқайда көп Ресей мен Украина секілді елдерден қалыспай, еңсеміз биік болғандығын ешбір әсіре мақтанышсыз айтар едім.

Ұлы Отан соғысының отты жылдарынан соң қираған шаруашылықты қалпына келтіруде, соғыстан оралған майдангерлер еңбек майданының жауынгерлері мен командирлеріне айналды.

Соғыс жылдарында Орта Азия әскери округының құрамында әскери борышын өтеп қайтқан офицер Асанбай Асқаров 1946 жылдан бастап халық шаруашылығының жетекшілігін бірден меңгерген азамат еді.

Асанбай Асқарұлы халқының алдындағы қайраткерлік қажырлы қызметін 1986 жылға дейін тоқтаусыз алып жүрді.

Оның ішінде ол – 27 жыл үздіксіз Жамбыл, Алматы, Шымкент облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшылық қызметін айтарлықтай абыройлы атқарды.

Еңбегінің нәтижесі: Асекең басқарған облыстар қарқынды дамыды. Мал басы өсті, ауыл шаруашылығы дамыды, ірі құрылыстар қанат жайды, ірі өндіріс орындары бой түзеп, облыс орталықтары көркейді. Облыс еңбекшілерінің тұрмыс жағдайлары жақсарды. Бұл облыстардан республика бойынша ең көп Социалистік Еңбек Ерлері елімізге танылды.

Асанбай өзі де бұл құрметті атаққа көп жылғы жемісті де қажырлы еңбегі, ұйымдастырушылық қабілеті арқылы, жаңалықтың жаршысы бола білген қасиетімен жетті.

Облыстық партия ұжымын басқарған кадрлардың бірі және ұзақ жыл өз міндетін мүлтіксіз атқарған қайраткер – Асанбай Асқаров болды. Ол өз облысында қолға алған істерді аяғына жеткізуде табандылық

танытып, жергілікті жердің мүддесін батыл қорғай білді. Асекең өзіне көрсетілген зор сенімді үнемі ақтап отырды.

Асекеңнің зейнетке шыққан соң, Желтоқсан оқиғасынан кейінгі Мәскеудің ұлт басшыларының ішінен “ұлтшылдарды” іздеп табу науқанында қарауылға бірден алғашқы болып ілінуі де ол кісінің қоғамдағы салмағын анықтаса керек. Мәскеу Асанбайдың үстінен іс қозғап, жала жаба отырып жауапқа тартуы арқылы ұлттың өзге басшылары мен қаймаққа шығар қайраткерлерін бір қаймықтырып алғысы келгендей еді. Ол мақсатына жетем дегенше ақыры КСРО күйреп тынды.

Ал Асанбай осы ұлғайған шағында басына түскен ауыр сыннан мүдірмей өтті. Ол – азаматтық рухын түсірмей, тағдырдың кездестірген қиын кезеңін қара нардай көтерді.

Асанбайды еске алғанда, оның қайраткерлік қарымы мен халқын сүйген жаратылысы өзгеше құрметпен ойға оралады.



Атымтай ҚИСАНОВ,
мемлекет қайраткері.

ТУҒАН ЖЕРДІ ТҮЛЕТКЕН

Маған Алматының түні де ғажап ұнады. Жұмыстан соң ас-суымды ішіп, саумал ауа жұтып, серуендеуге шығатын едім... Көбінесе оған себепші болатын інім Асанбай. Намаздігерде маған үйге хабарласады:

— Атеке, қалайсыз? Таза ауада біраз жүріп қайтамыз ба? Ыстық үйде көп отырған кісі жүз жасамайды, — деп қояды өзілін іліп.

Өйткені ол менің ұзақ серуендейтінімді біледі. Жаратылысымнан жаяу жүруге құмар жанмын. Оған өмірдің өзі үйретті.

Оның үстіне ата-бабамыздың бала күннен бойға сіңірген өнегесі, тәлім-тәрбиесі бар емес пе...

Атам қазақ “Іңірде жатқанның ырысы кетеді” демеуші ме еді? Сондықтан жатар алдында біраз ауа жұтып, серуендеп келгенге не жетсін!

Асанбай Асқаров екеуміз сыр шертісіп, әңгімелесіп қайтатынбыз. Шынын айтсам, сонда әңгіме желісі айналып келіп жұмысқа тіреліп жататын. Оның ойлайтыны елдің бүгінгі халі, астананың, облыстың жағдайы... Екеуара бөлісетін, келісетін сөз түйіні Алматының сәулеті, дәулеті, жұрттың тұрмыс-ахуалын жақсарту, қаланы көріктендіру. Сөйтіп үйге қайтатынбыз...

Ботаникалық бақтың қара ағашынан бастап гүлзар бақтағы пәк гүлдеріне дейін нарық қыспағына ұшырады дегенге сенесіз бе, сенбейсіз бе? Қыспақтың басы көк езу Михаил Горбачевтің “қайта құруынан” басталды емес пе? Бүкіл республиканы өркендетіп, ауыл-елді танымастай өзгерткен алып өндіріс орны мен сәулетті қалалар салған Қонаевқа жаланың барлық түрін жапты. Асанбай Асқаров сынды сайыпқыран тұлғаларды тұғырдан түсіріп қана қоймай, қудалап, тағдырдың тепкісіне салып, түрмеге апарып жапты. Бірақ ақтың жолын құдай да, құдайдан бір жас кіші халық та көрді. Әділет жеңді. Азаматтық жүрегіне сызат салса да арына дақ түсіре алмады, жазықсыз жапа шеккендегі шерменде сырын “Тағдыр” естелігі мен “Жұмақ пен Тозақ” жырларынан оқыған жұрт жақсы біледі.

Иә, осы бір үлкен лауазымды, мәртебелі, еліне елеулі, халқына қалаулы Асанбаймен бірге Алматыда көп жыл қызметтес болуды пешенеме жазған тағдырға рахмет! Бізді кейбір пысықайлар туыс екен деп, сансаққа жүгіртеді. Айтарым, біз алыс ағайындармыз. Оның кісілігі мен кішіпейілдігі сонша, жасы үлкен болған соң қазақтың асыл қасиетімен мені аға санайды. Ағасы түгіл, атасын аямай жүргендер аз ба?

Оның ең ірілігі — адамды ісіне қарай бағалай білуі. Бойындағы іскерлігі

мен қайсарлығы аса зерделі қасиетімен үндестік тауып, Асанбайдың тұлғасын асқақтата түсті.

Асқаров астанамыз Алматының Алматы болуына көп еңбек сіңірді. Қонаевтан кейінгі білгір құрылысшы-сәулеткер, іскер маман, беделді басшы екенін бірге қызметтес болғандар біледі. Көздері де көрген.

Алматыға келісімен Асқаров астананы көркейтуге көңіл бөлді. Астана қандай болу керек деген мәселе төңірегінде ой елегінен өткен талай келелі әңгімелерін естігенбіз. Көкейіндегі көп мәселені дәлелдеп, жеріне жеткізе білетін экономист-ғалым өзінің білгірлігімен, білімдарлығымен биік беделге ие болды.

Алматы – өндіріс пен өнеркәсіптің ғана емес, әдебиет пен өнердің, мәдениет пен ғылымның астанасы. Осы саладағы адамдарға жағдай жасап, қамқор болуда Асанбай аса жауапты жұмыстар атқарды. Өйткені жаратылысынан ғалым, ақын, шешен жан. Ата-баба дәстүрінен тамаша тағылым алған, өсіп-өнген елдің перзенті.

Әркім-ақ туған жеріне Асанбай секілді ересен еңбек сіңіріп, артына өшпейтін із қалдырсын!

Алғыр Асанбай өзі туып-өскен Жамбыл облысының жерін, елін өркендетуге өлшеусіз үлес қосты. Жамбыл мен Қаратау қалалары, Меркі сияқты кеңшарлар оның сол облыстың бірінші хатшысы кезінде көріктене түсті.

Оның дәлелі Жамбыл мен Қаратау қаласы республикада абаттандыру мен көріктендіру жөнінде жеңімпаз атанды.

Министрдің бірінші орынбасары ретінде талай рет өз қолыммен ту тапсырдым. Ол кезде отыздан жаңа асқан отты жігіт еді. Ол, өзі айтқандай “қылыштың жүзіндей қылшылдаған” қырық жасында республикадағы ең үлкен астаналық облысты басқарды. Ол кезде Алматыға Талдықорған облысы да қарайтын. Сөйтіп жер жәннаты Жетісу төріне Талдықорған секілді тамаша қала жаңаша сәулетке енді. Ал оның өндірісті ғана емес, ауыл шаруашылығын да жілікше шағатынын жер емген диқан, төрт түлікті түлеткен малшы қауымы мақтанышпен еске алып отырады. Одан соң Оңтүстік Қазақстан облысына барғанда да “астанадан кеттім” деп сағы сынбай, тағы да өзінің тамаша қоғам қайраткерлігін танытты. Оңтүстік елі оның іскерлігіне тәнті болды. У-шу мен түтінге тұншыққан Шымкент қаласының шырайы ашылды. Оның атқарған алуан істерін арнайы барып, өз көзімізбен көрдік те.

Асанбай Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюро мүшесі ретінде көптеген жиын, мәслихаттарда бетің бар, жүзің бар демей, беделді деген басшылардың өзіне шындықты риясыз көңілмен беттеріне басып, нақтылап айтатын. Өздерінен ой-өрісі де, беделі де биік болған Асанбайды көптеген қызметтестері іштарлықпен көре алмады. Қылыштай кесіп



түсетін өткір мінезі мен тумысынан турашылдығымен талайға жақпады.

Қонаевқа құрық салу үшін өмірі жүріп тұрған Орталық оған жан-жақтан қақпан құрды. Есіктен кіріп төр менікі деп, “таққа” мініп көсілген Колбин оны тірідей тозаққа салғысы келді. Бір кездегі жанында жүріп жағынған жандайшаптары жалт бұрылып, аузы ала қайсыбіреулер Асқаров туралы неше түрлі алып қашпа өсек-аяң таратты.

“Ақ ақталар, қара байланар” дегендей, Асанбайды ел-жұрты елендеп күтіп отырды.

Адамның күні бар ма сыналмаған,
Бақ тайса, мал менен бас құралмаған.
Күніне тоқсан түрлі көрсең бәле,
Сонда да күдер үзбе бір Алладан. —

деп, ақын Асанбай алланың рахымы мен елінің ақ тілегі жарылқап, ортамызға оралды. Халық оны өз тұғырына қондырды. Өзін асқақ, әрі шалқақ ұстайтын, өр кеуделі Асқаров омырауына алтын жұлдызын тағып, жайсаң жаны жарқырап ел-жұртын аралап, баспасөз беттерінде радио мен теледидардан елдің ертеңі туралы ойларын ортаға салып ағалық сөзін айтып жүр.

Бәлкім, баз біреулер Алматыны көркейтуге Қонаев пен Асқаровтан басқа азаматтар болмады ма, деуі мүмкін...

Неге болмады? Сөз жоқ, Алматының іргетасы бекініс боп қаланған күннен бастап әртүрлі қала басшылары, қоғам қайраткерлері білікті мамандар, сәулеткерлер, инженерлер өз үлестерін қосты...

Менің айтып отырғаным алпысыншы жылдардан кейінгі Алматының гүл-бақ қалаға, астанаға айналуы еді.

“Өмірге өкпем жоқ” кітабынан.

Сағидолла ҚҰБАШЕВ,
мемлекет қайраткері.

ҰМЫТЫЛМАС ТҰЛҒА

Асанбай Асқаровпен бірінші рет 1959 жылы сәуір айында Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесінің 5-шақырылуының алғашқы сессиясы кезінде таныстым. Таныстырушы Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов еді. Асекеңді бұрын тек қана сырттай білуші едім.

1958 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Қазақстанда қой шаруашылығын өркендетудегі ерекше еңбегі үшін Ленин орденімен наградталғандардың ішінде Жамбыл облысындағы Мерке аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Асанбай Асқаров та болды.

Осы кездесуімізде Асекең Жамбыл облыстық кеңесі атқару комитетінің төрағасы болатын, сол 1959 жылы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне жоғарылатылды. Біз осы кездесуден бері таныспыз.

Әр облыстарда жүрсек те, жұмыс жағдайында, әсіресе Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің пленумдарында, республикалық мәжілістерде жиі кездесетін едік. Асанбай Асқаров Жамбыл, Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарының бірінші басшысы қызметтерін 27 жыл бойы, үзіліссіз өте абройлы атқарды.

Осы ірі үш облыстың біреуі – астаналық Алматы облысы. Оның орасан зор еңбегіне халықтың ризашылық сезімдерін естіп те, көріп те жүрдік. Асырып айтқандық емес, Асқаровтың есімі бүкіл Қазақстан халқына белгілі.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің пленумдарында, мәжілістерде Асқаровтың сөйлеген сөздері ерекшеленіп тұратын. Ол өте орынды, дәлелдері де нақты, қай облысқа да, республикалық мақсаттарға да қатысты айтатын. Асекеңнің артықшылығы, әр кезеңдегі жағдайдан мол хабардарлығы еді. Кезекте тұрған өзекті мәселелерді дәл басып көрсететіндігі. Халқымыздың мүдделеріне сай, ойланған ұсыныстарға, принципті ақылға толы, сындарлы пікірлерін ашық та, тайсалмай айта алатын азамат Асқаров еді десем қателеспеймін.

Мен ол кезде тәжірибем аз, жас басшы қызметкерлердің бірімін. Сондықтан да болар, Асанбай Асқаровты өзім ерекше бағалайтынмын, үлкен құрмет тұтатын болдым. Әр кез Асекеңе ризашылық сезіммен сәлем беріп, ақылдасып, жиі әңгімелесіп жүрдім.

Есімде қалған, ұмытылмас тағы бір жәйт. Бұрынғы Гурьев (кәзіргі Атырау және Маңғыстау) облысында бірінші басшымыз Нұртас Оңдасыновтың Асекең туралы айтқандары. Ол кісі сөзге өте сараң, бекер



сөйлемейтін, Республика басшылығында (1938-1955 ж.ж) істеген, аса көрнекті мемлекет қайраткері, Ұлы Азамат Асекеңді “зор болашағы бар, елімізге осындай басшылар керек” – деп, сыртынан талай мақтағаны бар. Бұл жөй айта салған сөз емес еді.

Біздің республикада Алматы қаласынан басқа 19 облыс болған. Облыстарда әр-түрлі басшылар болғанын бүкіл жұрт біледі. Талай басшылар аз ғана уақыт істеп, орындарынан босап, кетіп жататын. Кейбіреулері неше жыл тұрсада, артында бітірген істері жоқ, аттары ұмытылып қалғандары қанша? Мәскеу жіберетін, сосын сайланатын, тіпті республика басына, оның жауапты қызметтеріне кімдер келмеді, кімдер кетпеді. Олардың пайдасынан зияны аз емес-ті.

Мен осы уақыттарда жауапты жұмыстарда жүріп, өзім білетіндіктен айта аламын. Облыстар басшылығында болған біріншілердің ішінде Бәйкен Әшімов, Асанбай Асқаров, Мұстахым Ықсанов аттарын бөлек қояр едім.

Асекең ширек ғасырдан артық мезгілде бірінші басшы болып, Қазақстанның үш облысы жерінде өшпес іздер қалдырды. Оның өрелі істері, жоғары азаматтық беделі қалың ел есінде ұзақ сақталатын болады.

Асанбай Асқаров басқарған жылдарда Қаратау, Жаңатас кен орындары ашылып, өнім өндіру мықтап өркендеді. Жаңа қалалар бой көтерді. Химия өнеркәсібінің бастау алуы, жедел бағдарламалар, жобалар жасалуына Асекең тікелей араласты. Облыста ірі ауылшаруашылықты өнеркәсіп, әсіресе, мал шаруашылығы жан-жақты дамыды.

Республикадағы ең ірі Алматы облыстық партия ұйымын Асекең 13 жыл басқарып, облыс және астана экономикасы мен мәдениетінің өркендеуіне зор ықпал жасады. Қазақстанның астанасы Алматы ірі өндірісті, көркейген, сәулетті қалаға айналды. Жаңарған Алматы халқымыздың үлкен мақтанышы болды.

Мен осы кезеңде бес жылға жуық Республика үкіметі төрағасының орынбасары қызметінде, ауылшаруашылығы мәселеріне байланысты астаналық облыстың бірінші басшысы Асқаров Асанбаймен өте жиі қатынаста еңбек еттім.

Бұл жылдар Қазақстан республикасының жан-жақты, өскелең өркендеуі, экономикасы мен мәдениетінің барлық салалары, Одақ көлемінде жоғары бағада саналатын. Еліміздің Отанға беретін миллиардтаған пұт астығы, өркендеген мал шаруашылығының мол өнімдері, тамақ өнеркәсібінің жеткілікті мүмкіндіктері халқымыздың хал-ауқатын едәуір жақсартты.

Алматы қаласы халқының саны тез өсе бастады, әсіресе Сібірден келіп қоныстанушылардың саны көбейді. Қалада тамақ өнімдері жөнінде сұраныс өсті. Осы жағдайға байланысты Алматы қаласын ет-сүт, жұмыртқа,

көкөніс өнімдерімен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ету талабы қойылды.

Бұл мәселелерді шешуде Асқаров жолдас үлкен ұйымдастырушылық қабілетін көрсетті. Біз бұрыннан таныстығымыз бар, тез түсінісіп, сыйластыққа қандай мәселеге де қолдау табушы едім.

Асекең ешкімге ұқсамайтын өз мінезі бар, ерекше адам еді. Оның өзіне де, басқаға да талабы қатал болатын, өзінің болжам пікірлерін батыл айтатын. Ол өмір көрген, ел тұрмысын, әдет-ғұрпын, өнер-тарихын терең білетін. Қазақ тіліне жетік, мақал-мәтелдердің мағынасын, ескі сөздердің мәнін ажыратып та беретін. Жан-жақты түсінігі мол, білімдар ғалым еді.

Асанбай Асқаров астаналық облыста ұзақ жыл тұрақтаған бірінші басшы. Ол әсіресе облыс үшін орасан зор еңбек етті, өшпес іздер қалдырды. Барлық аудандарда колхоз-совхоздар, ауылшаруашылық ғылыми орталықтары жаңарды, ірі құс фабрикалары, ет-сүт комплекстері салынып, ауылшаруашылық өңдейтін кәсіп орындары іске қосылып, Алматы облысы сенімді жаңа өлкеге айналды.

Оңтүстік Қазақстан облысында да Асқаров өте өнімді еңбегімен облыс экономикасының барлық салаларының өскелең өркендеуін қамтамасыз етті. Шымкент қаласында салынған сәулетті ғимараттар, ірі құрылыс объектілері халық игілігі болды.

Үлкен тәжірибелі, іскер ұйымдастырушы, Қазақстан партия ұйымының жігерлі басшыларының бірі Асқаров Асанбайдың еңбегі кезінде орынды бағаланды. Оның еңбегі бір жылғы өнімнің қортындысы емес, 30 жылғы ерен, адал еңбектің бағасы еді.

Асқаровтың еңбек жолы Қазақстан мыңдаған ұл-қыздарына үлгі-өнеге, жарқын Азамат, Ұмытылмас Азамат жолы.

Бүкіл ел білетін кешегі қазыналы Қазақстанды қолынан тұрғызған аз адамдардың біреуі Асқаров Асанбай еді, дейді халқымыз. Бұл өте дұрыс баға.



Халифа АЛТАЙ,
діни қайраткер.

ӨМІР БАР ЖЕРДЕ...

Қанша өкінгенмен бұл өмірден хан да, қара да ертелі-кеш озады. Бірақ Асанбай Асқаровтың қазасы елді есеңгіретіп, қабырғаны қайыстырып, жүректі қан жылатып кетті. Оның есімі тек Қазақстан мен бұрынғы Одақ көлемінде ғана емес, жер жүзіндегі шартарапқа таныс десем артық айтқандық болмас. Өне бір жылғы қақтығыстан кейін кімге ұрынарын білмеген Орталық шамшылдықпен оған тұқыртып құрық салғанда бар ауыртпалықты өзі қайыспайтын қара нардай көтеріп өтті. Халықты мұқатқысы келіп, оның асыл азаматтарын түрмеге де тықты. Бірақ Асанбайлар Рухын көтеріп, жасымай шықты. Марқасқалардың әлде кереқарыс маңдайына сол жазылған шығар. Енді өз отандастарымызбен бірге шет елдегі қандастарымыз да қара жамылды.

Біз қаза көрмей жүрміз бе? Тағы да арысымызды оралмас сапарға шығарып салып, қасірет шегеміз де. Пенденің қолында одан басқа қандай қайран бар.

Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, барғаның пейіш, артың кеніш болғай. Бақұл бол, бауырым!